

## Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің 2005 жылғы 4 мамырдағы N 76 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 24 мамырда тіркелді. Тіркеу N 3648. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі № 100 Бұйрығымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2010.04.29 № 100 Бұйрығымен.**

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулардың бағдарламаларын әзірлеу және бекіту тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2002 жылғы 4 шілдедегі N 71 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2002 жылы 25 шілдеде N 1928 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл, N 34) бұйрығына :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жалпы мемлекеттік және ведомстволық статистикалық байқаулардың бағдарламаларын әзірлеу және бекіту тәртібінде:

бүкіл мәтін бойынша "Статистикалық жұмыстардың жоспары", "Статистикалық жұмыстардың жоспарында", "Статистикалық жұмыстардың жоспарына" деген сөздер тиісінше "статистикалық жұмыстардың жоспары", "статистикалық жұмыстардың жоспарында", "статистикалық жұмыстардың жоспарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 - т а р м а қ т а :

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Ғылымның және қоғамдық ұйымдардың мүдделі өкілдері алдын ала талқылағаннан кейін статистикалық жұмыстар жоспарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

## 10 - тармақта :

екінші абзацтағы "Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген реттерде" деген сөздер "мемлекеттік статистикалық байқауларда қамтылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

14-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын;

2) "Қазақстан Республикасында статистикалық есептілікті табыс ету тәртіптерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2002 жылғы 10 шілдедегі N 72 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2002 жылы 9 тамызда N 1947 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл, N 34) бұйрығына :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында статистикалық есептілікті табыс ету тәртіптерінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Тәртіп Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексіне , "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және басқа да заңнамалық актілерге сәйкес әзірленген .";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ұлттық санақты және статистикалық жұмыстар жоспарында көзделген мемлекеттік статистикалық байқауларды жүргізу кезінде жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ олардың құрылымдық бөлімшелерінің бастапқы статистикалық ақпаратты ұсынуы міндетті болып табылады және өтеусіз негізде жүзеге асырылады.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Ғылымның және қоғамдық ұйымдардың мүдделі өкілдері алдын ала талқылағаннан кейін статистикалық жұмыстар жоспарын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.".

2. Заң қызметі және кадр жұмысы басқармасы осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Төраға*